



XҒТАР 17.71.07

Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-678X-2025-152-3-156-166>

Қазақ шешендері шығармашылығындағы сөз айшықтарының танымдық қыры

М.С. Ахаева^{1*}, Б.Р. Кулжанова², С.М. Шормакова³

^{1,2}Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

³М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз, Қазақстан

(E-mail: ¹maral85.85@mail.ru*, ²bahit777@mail.ru, ³shormakova71@mail.ru)

Аңдатпа. Мақалада қазақ шешендерінің шығармашылығындағы сөз айшықтарын (фигура) әртүрлі контексте қолданудың маңыздылығы және қазақи ұлттық санамен бірге жетіліп, дәстүрлі түрде қалыптасқан лингвотанымының мәні мен мағынасы ашылып, талданды. Шешендік сөздерде қолданыс тапқан айшықты элементтер адамды тәрбиелеудің, өмірге деген дұрыс көзқарас қалыптастырудың маңызды құралы екендігі сөзсіз. Қазақ шешендері сөз айшықтарын қолдануда шешендерге тән сендіру өнерін тиімді қолдануды мақсат ететіндігі және сөз айшықтарының соның ішінде, параллелизм (егіздеу), риторикалық сұрақтармен инверсиямен бірлікте де жеке тұрып та сөз айшығын жасағандығы айқындалды. Мақалада егіздеудің жеті түрі сөз болып, оның өзіндік ерекшеліктері сараланды. Қазақ шешендері шығармашылығында сөз айшықтарын қолданудағы егіздеудің (параллелизм) көпқырлылығы дәлелденді. Бір қасиетке қатысты сөздер дараланып, қатар егізделіп, әр қилы қасиеттер (жағдайлар) қатар алынып, жұптасып айшықталады және шешен танымында қалыптасқан ой толымды, күрделі түрде егізделу арқылы айшықталады. Әлемдік лингвистикада сөз айшықтарын жасау жолдары мен олардың атауларына зерттеушілердің пікірлеріне баса назар аударылды және зерттеу нәтижелері сараланып, қазақ шешендерінің шығармашылығы осы бағытта сарапталды. Сөз айшықтарын қолданудағы қазақ шешендері танымының маңызды қырлары арнайы мысалдармен талданып, тұжырым жасалды.

Түйін сөздер: сөз айшықтары, егіздеу, инверсия, шешендік сөздер, таным.

Кіріспе

Қазақ шешендері шығармашылығындағы сөз әсерлілігін арттыруда поэтикалық сөз айшықтарын қолданудың маңызы зор. Сөз айшықтары сөз құрылымының әдеттегі оралымынан өзгеше, айрықша айшықпен жасалады. Қазақ шешендері үшін өз ойы мен

Түсті: 27.03.2025; Жөнделді: 20.05.2025; Мақұлданды: 18.09.2025; Онлайн қолжетімді: 25.09.2025

*хат-хабар үшін автор

пікірін тыңдарманның көңілін елең еткізетін ерекше оралыммен, айрықша айшықтап айтып, жеткізудің орны бөлек. Бұл тәсілмен шешен тыңдарманның назарын өзіне аударып, көңілін баурап, діттеген мақсатына жетеді. Бұл жайында, қазіргі таңда, мәдениеттанушылар да осы пікірді мақұлдап, шешеннің бойындағы даралықтың лингвистикалық, интонациялық, кинетикалық құралдардың бірлігінде екендігін сөз етеді: «Шешендік сөздердегі озық ой мен жұғымды түсініктер ділмардың сөйлеу процесіндегі лингвистикалық, интонациялық, кинетикалық құралдардың бір-бірін шыңдай отырып, тыңдаушының түсінуі мен қабылдауына ыңғайлы жағдай жасап отырады» (Раев, 2025). Шындығында, қазақ шешендерінің шығармашылығы сөз болғанда қай саланың ғалымының сөз саптауына, пайымына көз жүгіртсек, осы пікірдің төңірегінде болатындығы таң қаларлық жағдай емес, оның себебі қазақ шешенінің өзіндік ерекшелігі оның сөз саптауында, тілдік ерекшелігінде, сөз мәнерін келтіруінде және тыңдарманын сендіруінде. Осы тұрғыдан келгенде шешенге сөз айшықтарын шеберлікпен қолданудың да пайдасы көп.

Сөз құрлымындағы белгілі бір ережеден ауытқу немесе кез келген өзгеріс сөз мәтінінің жаңа бірлігін тудырады. Сонымен бірге, сөз айшығын айқындап қана қоймайды, сөзді ажарландырып, мәтіннің мағынасын ашып, эмоциялық, поэтикалық тұтастығын қамтамасыз етеді. Сөз қолданысындағы дәстүрлі және жаңа айшықты құрылымның арасындағы қарым-қатынас семантикалық жағынан нақтыланады. Шешендер шығармашылығындағы сөз айшықтарының екі түрін қарастыруға болады.

Біріншіден, өнімді сөз айшықтары, бұл – сөз мағынасындағы синтаксистік құрылымды байытып, кеңейтеді.

Екіншіден, өнімсіз сөз айшықтары, бұл – сөз мағынасындағы синтаксистік құрылымның тұтастығын бұзады.

Осы сөз айшықтары қазақ шешендерінің сөздерінде жиі қолданысқа ие. Қазақ шешендерінің сөздері ұлттық санамен, ұлттық психологиямен тамырлас. Қазақтың ұлттық санасымен біте қайнасып, дәстүрлі танымдық сипаты сараланып отырады. Мақаламызда, біз де сөз зергері – шешендерге қатысты зерттеулерді негізге ала отырып, қазақ шешендерінің сөз айшықтарын қоланудағы өзіндік ерекшеліктерін аша отырып, оның танымдық қырын зерделейміз.

Зерттеу әдістері

Қазақ шешендерінің шығармашылығындағы сөз айшықтарын қолдану ерекшеліктеріне шешендер шығармашылығынан мысалдар қарастырылды және оларды топтастырып, саралап, қазақ шешендерінің танымына пайымдау жасалады. Сонымен қатар, тақырыпты зерттеу барысында жүйелеу, түсіндіру, талдау әдістері қолданылды.

Нәтижелер мен тақылау

Жалпы әлемдік лингвистикада сөз айшықтары «фигура» терминімен ғылыми айналымда қолданылып жүр. Осы тұрғыдан келгенде, фигураға қатысты ой тұжырымдаған зерттеушілердің пікірлеріне зер салсақ, Мұхаммед Джаваид Джамил өзінің мақаласында шешендік сөз айшықтарына қатысты сөз қозғағанда «Риторикалық фигуралар» (Jamil,

2024) деген атаумен қарастырады дағы бұл фигуралардың тек әсемдеулер емес, олар коммуникацияда нақты мақсаттарға қызмет ететін күрделі құрылғылар екендігін атап өтеді. Осы тұрғыдан қарағанда шешендік сөз айшықтары шешен сөзінің әсерін арттыру үшін пайдаланылатын қуатты құрал болып табылады. Олар тілге жарқындық үстеп, шешен шығармашылығында есте қаларлықтай сөз айшығын жасап, коммуникацияны сенімді әрі тартымды етеді.

Бұған дейін I ғасырда Квинтилиан фигуралардың өзіндік сипатын саралап, төрт түрге бөлінетінін атап өткен: «қосымша (анафора, эпифора, градация және т.б.), азайту (эллипсис, союзыз сөйлем, зевгма), ауыстыру (бір сөзді басқа сөзбен ауыстыру), орын ауыстыру (антитеза, хиазм, инверсия т.б.)» (Квинтилиан, 2004).

Фигураларды классификациялау мәселесін Аристотель (2009) көтерген, ал оның ізбасарлары бұл мәселені тереңірек зерттеген: атап айтқанда, Деметриус Фалерский фигураларға қатысты тұжырым жасай отырып, оны: «сөйлеу фигуралары» мен «ой фигуралары» деп бөлуді ұсынған. Мұндағы айырмашылық мынада: сөзді синониммен ауыстыру сөздің фигураларын (сөз айшықтарын) бұзады, бірақ ойдың фигураларын (сөз айшықтарын) бұзбайды. Ойымызды нақтылау мақсатында қазақ шешендерінің шығармашылығынан алынған мысалдармен саралап, өз пайымымызды жасайық, Бөлтірік шешеннің: «Бөрінің күлігі жылқының жүйрігіне ғана шалдырады. Мынау – бөрінің күлігі. Аттарыңды екі күн тынықтырып, үшінші күні үш көш жерден жарысқа шығасыңдар. Кімнің аты озса, сол – жүйрік, бөрі де сонікі» (Дәдебаев, 2021), деген дау шешудегі сөзінен өзіндік мағыналық реңктерімен ғана ерекшеленетін синоним сөздерді ұтымды пайдаланғандығын көреміз. Шешен сөзіндегі *жылқы* және *ат* сөздері синонимдес. Шешен жүйрік сөзін *ат* сөзімен тіркестірсе тек сөздің ғана айшығы бұзылмай, ойдың да айшығы бұзылуға апарады. Анығырақ айтсақ, «жылқының жүйрігі» деудің орнына «аттың жүйрігі» десе, ой сүреңсіздеу көрініп, сөз тартымды болмас еді. Ал «аттарыңды екі күн тынықтырып» деген сөз тіркесіндегі *ат* сөзін жылқымен ауыстырып қолданған жағдайда стилистикалық қателікке ұрынған болар еді. Мұнда біз шешеннің сөз қолданысының қазақ танымымен астасып жатқанын байқаймыз.

«Классикалық риторика фигураларды классификациялаудың бірыңғай жүйесін жасамаған, сонымен қатар ежелгі кезең ғалымдары троптарды фигуралар құрамында қарастырған. Бүгінгі таңда, әдебиеттерді шолу көрсеткендей, фигуралардың жалпы қабылданған классификациясы жоқ, әртүрлі ғылыми мектептерде терминология (фигуралардың атаулары) және олардың классификациясының принциптері әртүрлі» (Гаспаров, 1997). Осы пікірдің негізіндегі ой троптар мен фигуралардың бірлікте қарастырылатындығына баса назар аудартады. Иә, троптар сөз мағынасын өзгертуге қызмет етсе, фигуралар ойды ерекшелеп, сөздің әсерін күшейтуге қызмет етеді. Сондықтан бұл екеуінің бірін-бірі толықтырып, шешен танымының болмысын ашып, қажет жерінде сөзін ерекшелеп, әсерлеп жеткізуіне қызмет ететіндігі заңдылық. Дегенмен, біздің мақсатымыз: қазақ шешендері шығармашылығындағы сөз айшықтарының қолданылу аясын бізге дейінгі зерттеушілердің еңбегін негізге ала отырып, сөз айшықтарының өзіндік ерекшеліктерін тану.

Е.А. Столярова (2004): «Фигурами речи называют обороты, усиливающие выразительность речи или текста с использованием стилистических возможностей синтаксиса», – деп пайымдау жасағандығын ескере отырып, сөйлеу фигураларының ойлау

фигуларының жемісі екендігін айтқымыз келеді. Шындығында, қазақ шешендері сөз саптауында сөз айшықтары синтаксисінің стилистикалық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, өз сөздерін сенімді жеткізуде сөз әсерін арттыратын ұтымды бұрылыстар жасап отырған.

Өзбек ғалымы И.Раджапова сөз айшықтарының мәселелеріне қатысты сөйлеу фигураларының авторлық маңызды құрамдас бөлігі екенін айрықша атап өтеді (Radjabova, 2025).

Танымдық типтегі ойлау фигуралары байланыстырушы бөліктердің рөлін атқарады, бұған кері шегініс яғни, бір ойды баяндауда оған жанама түрде байланысты басқа ойды баяндауға көшу жатады. Олар: қайта оралу, яғни, кері шегіністен кейін негізгі ойға көшу, салыстыру және параллелизм (егіздеу) т.б. Осының ішінде қазақ шешендері параллелизмді (егіздеу) жиі қолданады.

Қазақ шешендері шығармашылығында жиі кездесетін өнімді сөз айшықтары – параллелизм. Ол сөз мағынасының қатар жүруі немесе қанаттаса қолданылуы бір сөзбен айтқанда – егіздеу. Бұл сөз айшығының шешендер шығармашылығында қолданылу аясы өте кең. Мысалмен дәлелдер болсақ, Бөлтірік шешен:

Аққу құсқа оқ тисе,
Қанатын суға тигізбес.
Ақсүйекке оқ тисе,
Көршісіне сездірмес (Дәдебаев, 2021), – дейді.

Осындағы алғашқы екі тармақта құстың жақсысының белгілі бір жағдайдағы қасиетін сипаттайтын болса, кейінгі екі тармақта тура сол жағдайдағы адамның жақсысының қасиетін қатар сипаттайды. Құс пен адамның бастарына түскен жағдайдың сәйкестігін олардың бойындағы қасиетпен даралап, қатар егіздеп, жұптап сипаттау арқылы сөз айшығын күшейтіп, айтар ойын әсерлі жеткізген. Мұнда шешен танымында мінсіздіктің символы тәріздес: құстың төресі мен адамның төресі қатар сипатталған. Шешен сөзінен егіздеудің тағы бір түрін байқадық:

Қас батырға оқ тисе,
Қара аспанды төндірмес.
Қас жаманға оқ тисе,
Басын жерден көтермес (Дәдебаев, 2021), – дейді.

Мұндағы егіздеудің екі сыңары да адами қасиеттерге қатысты. Бірінші жағдайда қас батырға қатысты қасиет айшықталса, екінші жағдайда қас жаманға қатысты қасиет айшықталады да сөз жүйесінде екі ұдай адами қасиеттер қатар сипатталып, жұптасып суреттеледі. Шешен сөзіндегі егіздеудің эмоциялық мазмұнында қарама-қарсы мән сарыны яғни, антонимдік реңк бар. Қазақ шешендерінің шығармашылығында егіздеудің (параллелизм) небір күрделі түрлері кездеседі. Тағы да бір мысалды Бөлтірік шешен шығармашылығынан алып, талдасақ. Бөлтірік шешен қолданған сөз айшықтары толымдылығымен, күрделілігімен ерекшеленеді.

Бірінші,
Жақсы деген кісінің,
Алды-арты бірдей жарық болар.
Екінші,
Жақсы деген ісінің,
Бас-аяғы бірдей анық болар.

Үшінші,
Жаман деген кісінің,
Алды-арты бірдей жау болар.
Төртінші,
Жаман деген ісінің,
Бас-аяғы бірдей дау болар (Дәдебаев, 2021).

Шешеннің осы сөздеріндегі бірінші құбылыс пен екінші құбылыс, анығырақ айтсақ: жақсы қасиетке ие кісінің сипаты мен жақсы ісінің сипаты қатар өріліп, егізделіп суреттелген. Сонымен қатар, үшінші және төртінші құбылыс, яғни, жаман әдетке ие кісінің сипаты мен жаман деген ісінің сипаты өз алдына жеке жұпталып, егізделген. Мұны егіздеудің ерекше үлгісі ретінде тануымыз қажет. Мұндағы сөз айшықтарын шеберлікпен қолдануға шешеннің танымы, яғни, жақсы мен жаманға қатысты қоғамда қалыптасқан көзқарастарды заман талабына сай пайымдауы бірден-бір себеп болып тұр.

Қазақ шешендерінің шығармашылығында жақсы мен жаманды өз танымдарының негізінде салыстыруда егіз (параллелизм) сөйлемдердің бірдей тәртіппен құрылуына ерекше мән беріледі:

Балаң жаман болса,
Көрінгеннің мазағы емес пе!
Атың жаман болса,
Шыбын жанның азабы емес пе!
Қатын жаман болса,
Бұл жалғанның тозағы емес пе!
Туған балаң жақсы болса,
Тән мен жанның шырағы емес пе!
Мінген атың жақсы болса,
Бұл дүниенің пырағы емес пе!
Алған жарың жақсы болса,
Жиғаның мен мейманыңның тұрағы емес пе! (Төреқұлов, 1993).

Ағашқы үш жолда шешен өзінің жаманға қатысты танымын риторикалық сұрақпен береді. «Балаң жаман болса» деген сөйлемнен кейін кідіріс жасау арқылы тыңдарманын ойландырады. Балаң жаман болса қандай болады? - деген сұрақ әр тыңдарманның санасында қалыптасып, оған әр тыңдарман өз танымының аясында жауап іздеп тұрғанда, шешен өз танымының негізінде қалыптасқан жауабын айтады. Яғни, шешен танымы бойынша: балаң жаман болған жағдайда көрінгенге мазақ болады. Осындай риторикалық сөз айшықтарын қолдану арқылы шешен аттың жаманы мен қатынның жаманына қатысты өз танымын пайымдайды. Келесі үш жолда аталған зат есімдерге қатысты сипат беріледі. Мұнда да шешен алдыңғы қолданған үлгінің ізімен риторикалық сұрақ арқылы сипаттайды. Сонымен қатар, балаң жаман болса – мазақ, балаң жақсы болса – шырақ. Атың жаман болса – азап, атың жақсы болса – пырақ. Қатының жаман болса – тозақ, қатының жақсы болса – тұрақ болатындығын риторикалық сұраққа негізделген егіздеу арқылы айшықтайды. Риторикалық сұрақ негізінен жауап алу үшін қойылмайды, бұл сұрақтың мақсаты тыңдаушының ойын қозғау, ой салып, ойландыру, балқыту, толқыту. Ал, риторикалық сұрақты негізге ала отырып, Томи Арианто өз мақаласында «Риторикалық стильдер» (Arianto, 2023) мәселесін қозғап, бұл аудиторияны сендіруге,

ақпарат беруге арналған тәсіл екендігін айтады. Сильдік тұрғыдан қарағанда да сұрақ тұрғысынан қарағанда да бұл тәсіл сөз айшықтауда өзіндік орны бар айшықтаулардың бірі.

Жоғарыда біз егіздеу арқылы сөз айшықтауда екі мағыналы сөзді салыстыру жағдайын қарастырсақ, сөз айшықтауда қазақ шешендері егіздеудің мұнан да күрделі түрін қолданған:

Мен жаралы арыстан,
Жаулассам жармай кете алман.
Кекті болған жауыммен,
Кескілеспей біте алман.
Қара бұлтты дауылмын,
Қар боратпай ашылман... (Кәкішев, 1992).

Шешен сөзінің айшықтарынан психологиялық егіздеуді көреміз. Өзін жаралы арыстанға балаған шешен, жаралы арыстандай аянышты болғанмен, күш-қайраты қайтпағандығын қатарластыра суреттейді. Жаралы арыстаннан «қара дауылға» айналады. Өзін қара дауылға балаған шешен, бір сәтте қар боратпай басылмайтын қара бұлтқа айналады. Шешеннің сөз айшықтауында өзінің көңіл-күйін табиғат құбылыстарымен қатарластыра егіздеу көрініс тапқан. Сонымен қатар, синтаксистік егіздеу басқа стилистикалық сөз айшықтарымен троптармен нақтырақ айтсақ метафорамен байланыста қолданылып, шешен сөзінің ерекше макрокомпозициялық деңгейдегі құрылымдық-семантикалық түзілімін құрайды. Бұл қазақ шешендерінің шығармашылығына тән сөз айшықтары деп тануымызға болады. Мысалы:

Асқар тау, сенде бір мін бар,
Асуға жол бермейсің.
Тасқын су, сенде бір мін бар,
Өтерге өткел бермейсің.
Уа, билер, сендерде бір мін бар,
Басқаға сөз бермейсің (Төреқұлов, 1993).

Табиғаттың өр мінезі мен билердің басқаға сөз бермейтін асқақ та өр болмысын қатар егіздеу. Жас шешеннің танымында: асқар таудан асу қиын, тасқын судан өту қиын, билік жасап жүрген билерден сөз алу қиын. Осы үш жағдайдағы қиындықты қатарластыра айшықтап, табиғи құбылыстардың мінін өзгерте алмағанмен, адам бойындағы мінді өзгертуге болатындығын осылай салыстыра сипаттап, егіздеу арқылы танытады.

Қазақ шешендерінің шығармашылығында жиі кездесетін қазақ қоғамындағы мін мен мінсіздікті термелеп, сөз айшықтарын қолданудың мына бір түріне назар аударайық:

Әйелде де бір мін бар,
Ажары сұлу болғанмен,
Ақылы сәйкес келмейді.
Жүйрікте де бір мін бар,
Су төгілмес жорғамен
Қатарласып желмейді.
Жорғада да бір мін бар,
Жүрісі жайлы демесең,
Жал-құйрығын түйіп салсаң да,
Бәйгеден сірә келмейді (Төреқұлов, 1993).

Досбол бидің бұл сөзінде: ханды қарашамен, биді кедейлікпен, байды нашармен, әйелді ақылмен қатар, ажарды ақылмен, жүйрікті жорғамен, жорғаны бәйгеге қосатын атпен шендестіре отырып, әр түрлі қайталаулардың көмегімен сөз айшығын жасайды. Мәтіндегі мінге қатысты шешенің танымын таратып айтар болсақ: ханның міні – халықпен санаспағандығында, бидің міні – төрелігінің әділ болмауында, байдың міні – қайырымсыз, қатыгездігінде, әйелдің міні – ақылының таяздығында, жүйріктің міні – жорғамен қатарласпауында, жорғаның міні – бәйгеден келмеуінде. Шешеннің осылай шендестіре айшықтауы мінсіздің мінін көрікті беттегі дақтай анық көрсетіп тұр. Досбол шешенге тән осы психологиялық егіздеу қазақи қоғамдағы мінді мен мінсізді шендестіру арқылы сөздің әсерін күшейтеді.

Қазақ шешендерінің шығармашылығындағы сөз айшықтарын сөздердің орнын ауыстыру немесе төңкеру тәсілі арқылы жасау жолы да кең тараған. Мұнда сөздердің грамматикалық түзілу тәртібінен тыс, яғни, орындарын ауыстырып, өзгеше тіркес құру басты мақсат болады. Тілдегі үйреншікті машықтан ерекше сөйлем құрастыру үшін сөз айшықтарын қолданады. Мұндай қалыпты құрылымды бұзатын сөз айшықтарын қолдану – шешендердің сөз айшығын жасаудағы ең маңыздысы. Мұнда шешендер танымында қалыптасқан ой ағымын құрайтын сөйлемдердегі сөздерді өзінің қалыпты орнынан, басқа «қалыпсыз» орынға жылжытып қолданудың нәтижесінде пайда болады да шешеннің сөзі мазмұны жағынан да синтаксистік құрылымы жағынан да қатар, егізделіп келеді. Сөз айшықтарының егізделуін жасайтын элементтер – тұлғалас сөздер, салыстырмалы ұғымдар, жасалу жолы бірдей сөйлемдер, қайталаулар мен ырғақ және ұйқас пен кідіріс. Сөз айшықтарын қолданудағы төңкеру (инверсия) мен егіздеу ең алдымен ұйқасқа, кідіріске негізделеді. Мысалы:

Ата-ананың қадірін

Балалы болғанда білерсің.

Ағайынның қадірін

Жалалы болғанда білерсің.

Балалықтың қадірін

Саналы болғанда білерсің.

Асыл менен жастықты

Бағалы болғанда білерсің... (Адамбаев, 2006).

Қазақ шешендерінің сөз айшықтауындағы мұндай қолданыс олардың танымындағы ойды тыңдарманына ұтымды әрі сенімді жеткізудегі шеберлігі болып саналады. Сөз айшықтауда бұл қолданысқа соқпайтын шешен жоқтың қасы. Мұнда инверсия арқылы айшықталған сөзден кейін кідіріс жасау кезінде риторикалық сұрақтың ізін байқаймыз. Сонымен қатар, мұнда лексикалық қайталау сөздің құрылымдық тұрғыдан ұйымдастырылуына қызмет етіп, сөз айшықтары сөзге эмоциялық әсер беріп, ойды ерекшелеп, күшейтеді және сөз арасындағы жекелеген ойдың тізбектік байланысын ерекшелеп, шешен танымында қалыптасқан ойдың мағыналық әсерін күшейтеді.

Жоғарыда жасалған талдаудың нәтижесінен біз қазақ шешендері шығармашылығында сөз айшықтарын қолданудағы егіздеудің (параллелизм) көпқырлылығын байқадық. Атап айтсақ:

Біріншіден, бір қасиетке қатысты сөздер дараланып, қатар егізделіп, жұптасып айшықталады,

Екіншіден, әр қилы қасиеттер (жағдайлар) қатар алынып, жұптасып айшықталады;
Үшіншіден, шешен танымында қалыптасқан ой толымды, күрделі түрде егізделу арқылы айшықталады;

Төртіншіден, риторикалық сұрақ арқылы «жақсы», «жаман» ұғымына қатысты шешен танымы егізделіп, жұптасып айшықталады.

Бесіншіден, шешен танымында қалыптасқан ой метафора арқылы табиғат құбылыстарымен қатарласа, психологиялық егізделіп, айшықталады;

Алтыншыдан, шешендік сөздердегі егіздеу шендестіре айшықталады;

Жетіншіден, егіздеу инверсиялық жолмен және риторикалық сұрақ негізінде айшықталады.

Қорытынды

Сөз айшықтарын жасау – қазақ шешендерінің сөйлеу өнеріне тән ерекшелік. Шешен мақсатына жету үшін қажетті деп тапқан ойды, белгілі бір детальды немесе қалыптасқан түсінікті ерекшелеп көрсетуге сөз айшықтарын пайдаланып, сөздің үдемелі екпінмен қарқындауына мүмкіндік алады. Сөз айшықтарын тиімді пайдаланған шешен іс-қимылдың ұзақтылығы мен қарқындылығын, заттың көлемі мен мөлшерін, ерекше белгілерін айшықтап, нақтылап көрсетуге дағдыланады, осы дағдының негізінде шеберлікке ұласып, шешен танымында қалыптасқан пайымдаулар тыңдарманына өтімді болады.

Қазақ шешендерінің сөз айшықтарын қолдануда сөз тіркестерінің құрылуы мен олардың өзара ықпалдасуын саралай келе шешен сөздерінің көп қырлылығын және алуан түрлі семантикалық байланыстардың пайда болатындығына көз жеткіздік. Сонымен қатар, шешеннің тақырып аясындағы тыңдаушысының білім деңгейін ескере отырып, өз танымын сөз айшықтарымен жеткізу ерекшелігін саралап, әсіресе шешендерге тән егіздеудің қырларын ашып, талдадық. Егіздеуде сөз айшықтары шешен сөзінің жекелеген бөліктеріне немесе тұтас сөйлемге қатысты сөз айшықтарының басқа да түрлерімен тіпті троптармен де қатарласып, алуан түрлі лексикалық оралымды болатындығына көз жеткіздік. Мұнан шығатын қорытынды, бүтіннен бөлшекті бөліп, бүтіннің басқа бөлшектерімен байланысын назардан тыс қалдыруға болмайды. Дегенмен, қазақ шешендерінің сөз айшықтарын қолданудағы өзіндік ерекшеліктерін мәтін мен контекст арасындағы арқауды үзіп алмай, шешен танымындағы өзіндік даралығын біртұтас құбылыс ретінде зерттеудің күні туды.

Біз бұл мақаламызда, тіл білімі саласында қазақ шешендері шығармашылығындағы сөз айшықтарын қолдануға көңіл бөлдік. Сонымен қатар, шешеннің танымдық қырларын зерттегенде, зерттеу нысанасы болып отырған осы мәселенің барлық қырларын қамтып пайымдаудың маңыздылығына көз жеткіздік.

Мүдделер қақтығысы, алғыс айту және қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала жазу бойынша авторлар тең дәрежеде жауапты болып табылады, мүдделер қақтығысы жоқ.

Авторлардың қосқан үлесі. М.С. Ахаева мақала материалдарын жинақтау, оның мазмұны мен құрылымын рәсімдеумен айналысты. Б.Р. Кулжанова мақаланың жазылу реті мен құрылысына талдау жасап, түзету жұмыстарына жетекшілік етті. С.М. Шормакова мақаланың талқылау жұмыстарына қатысты.

Әдебиеттер тізімі

- Адамбаев, Б. (2006). Қазақтың шешендік сөздері. Алматы: Ана тілі баспасы.
- Аристотель. (2009). Поэтика. Риторика. О душе. Москва: Мир книги.
- Гаспаров, М. Л. (1997). Избранные труды. Том I. О поэтах. Москва: Языки русской культуры.
- Дәдебаев, Ж. (2021). Бөлтірік шешен. Шешендік сөздер. Алматы: Қазақ университеті.
- Кәкішев, Т. (1992). Билер сөзі. Алматы: Қазақ университеті.
- Квинтилиан. (2004). Риторические наставления. Книга IX. Санкт-Петербург.
- Раев, Д.С., Сейтқожа Е.Е. (2023). Қазақ мәдениетіндегі шешендік сөз өнері. *Turkic Studies Journal*, 5(4), 65-78. <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2023-4-63-82>
- Столярова, Е.А. (2004). Стилистика русского языка (конспект лекций). Москва: Приор-издат.
- Төреқұлов, Н., & Қазыбеков, М. (1993). Қазақтың би-шешендері (Кітаптар 1-2). Алматы: Жалын.
- Arianto, T. (2023). The analysis of rhetorical styles of world figures in public speaking. *eScience Humanity Journal*, 4(1), 255-276.
- Jamil, M. J. (2024). From “verbal” to “visual” rhetorical figures: A review of classifications, taxonomies and typologies. *Jahan-e-Tahqeeq*, 7(3), 255-276.
- Radjabova, I. (2025). Problems of representing figures of speech in literary translation according to theoretical and practical aspects. *Journal of Multidisciplinary Sciences and Innovations*, 1(2), 483-488. Retrieved from <https://inlibrary.uz/index.php/jmsi/article/view/89424>

М.С. Ахаева¹, Б.Р. Кулжанова², С.М. Шормакова³

^{1,2}Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

³Таразский университет имени М.Х. Дулати, Тараз, Казахстан

Когнитивный аспект фигур речи в творчестве казахских ораторов

Аннотация. В статье раскрыта и проанализирована важность применения фигур речи в творчестве казахских ораторов в различных контекстах, а также значение и смысл казахского лингвокогнитивного восприятия, которое развивалось вместе с казахским национальным сознанием и традиционно формировалось. Доказано, что элементы, использующиеся в ораторской речи, являются важным инструментом воспитания человека и формирования правильного мировоззрения. В процессе применения фигур речи казахскими ораторами подчеркивается, что они стремятся эффективно использовать искусство убеждения, характерное для ораторов, а также что среди других элементов параллелизм (сопоставление), риторические вопросы и инверсия могут использоваться как в сочетании, так и по отдельности для создания фигуры речи. В работе рассматриваются семь видов параллелизма, выявлены их особенности. Многообразие параллелизма в применении фигур речи казахскими ораторами подтверждается. Одни и те же слова могут быть выделены отдельно, сопоставлены парами или могут быть

использованы для акцентирования различных свойств (состояний), и через их комбинацию в ораторской мысли происходит сложное, целостное оформление.

В мировой лингвистике особое внимание уделено методам создания фигур речи и мнениям исследователей относительно их терминологии, результаты которых были проанализированы, и творчество казахских ораторов рассмотрено в этом контексте. Важные аспекты когнитивного восприятия казахских ораторов при использовании фигур речи были проанализированы с приведением конкретных примеров и сделаны соответствующие выводы.

Ключевые слова: фигуры речи, параллелизм, инверсия, ораторская речь, познание

M.S. Akhayeva*¹, B.R. Kulzhanova², S.M. Shormakova³

^{1,2}*Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan*

³*Dulaty Taraz University, Taraz, Kazakhstan*

The cognitive aspect of rhetorical figures in the works of Kazakh orators

Abstract. This article examines the role and significance of rhetorical figures in the works of Kazakh orators across various contexts, highlighting their connection to Kazakh linguistic cognition, which developed alongside and was shaped by national consciousness. It demonstrates that rhetorical devices serve as essential tools for education, moral upbringing, and the formation of a proper worldview. Particular attention is given to the orators' use of persuasive strategies, including parallelism, rhetorical questions, and inversion, employed both individually and in combination to create rhetorical effect. Seven types of parallelism are identified and analyzed, revealing their distinctive features and diverse applications in Kazakh oratory. The study shows how repetition, pairwise comparison, and emphasis on different qualities can produce complex and holistic expressions of thought. Furthermore, the article situates Kazakh oratory within the broader field of global linguistics, reviewing scholarly perspectives on the terminology and methods of constructing rhetorical figures. Through specific examples, it explores the cognitive dimensions of rhetorical usage in Kazakh oratory and offers relevant conclusions.

Keywords: rhetorical figures, parallelism, inversion, oratory speech, cognition

References

- Adambaev, B. (2006). *Kazaktyn sheshendik sozderi* [Kazakh oratory]. Almaty: Ana tili Baspasy.
- Aristotel'. (2009). *Poetika. Ritorika. O dushe* [Poetics. Rhetoric. On the soul]. Moscow: Mir knigi.
- Gasparov, M. L. (1997). *Izbrannye trudy. Tom I. O poetakh* [Selected works. Vol. I. About poets]. Moscow: Iazyki russkoi kul'tury.
- Dadebaev, Zh. (2021). *Boltirik sheshen. Sheshendik sozder* [Boltirik the orator. Oratory]. Almaty: Kazak universiteti.
- Kakishev, T. (1992). *Biler sozi* [Sayings of biys]. Almaty: Kazak universiteti.
- Kvintilian. (2004). *Ritoricheskie nastavleniia. Kniga IX* [The oratorical instructions. Book IX]. Saint Petersburg.
- Rayev, D.S., Seitqoja E.E. *Kazak madenietindegi sheshendik soz oneri*. *Turkic Studies Journal*, 5(4), 65-78. <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2023-4-63-82>
- Stoliarova, E. A. (2004). *Stilistika russkogo iazyka (konspekt lektsii)* [Stylistics of the Russian language: Lecture notes]. Moscow: Prior-izdat.

Torekulov, N., & Qazybekov, M. (1993). Kazaktyn bi-sheshenderi [Kazakh biys and orators] (Books 1-2). Almaty: Zhalyyn.

Arianto, T. (2023). The analysis of rhetorical styles of world figures in public speaking. eScience Humanity Journal, 4(1), 255–276.

Jamil, M. J. (2024). From “verbal” to “visual” rhetorical figures: A review of classifications, taxonomies and typologies. Jahan-e-Tahqeeq, 7(3), 255–276.

Radjabova, I. (2025). Problems of representing figures of speech in literary translation according to theoretical and practical aspects. Journal of Multidisciplinary Sciences and Innovations, 1(2), 483–488. <https://inlibrary.uz/index.php/jmsi/article/view/89424>

Авторлар туралы мәлімет:

Ахаева Марал Сарсенбековна – хат-хабар үшін автор, PhD докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан. E-mail: maral85.85@mail.ru, ORCID: 0000-0003-0499-9758.

Құлжанова Бакытгул Райхановна – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан. E-mail: bahit777@mail.ru, ORCID: 0000-0002-2998-4723.

Шормакова Саулет Медеубековна – филология ғылымдарының кандидаты, доцент м.а., М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз, Қазақстан. E-mail: shormakova71@mail.ru, ORCID: 0000-0002-0459-5430.

Ахаева Марал Сарсенбековна – автор для корреспонденции, PhD докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан. E-mail: maral85.85@mail.ru, ORCID: 0000-0003-0499-9758.

Құлжанова Бакытгул Райхановна – кандидат филологических наук, доцент, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан. E-mail: bahit777@mail.ru, ORCID: 0000-0002-2998-4723.

Шормакова Саулет Медеубековна – кандидат филологических наук, и.о.доцента, Таразский университет имени М.Х. Дулати, Тараз, Казахстан. E-mail: shormakova71@mail.ru, ORCID: 0000-0002-0459-5430.

Akhayeva Maral Sarsenbekovna – corresponding author, PhD student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: maral85.85@mail.ru, ORCID: 0000-0003-0499-9758.

Kulzhanova Bakytgul Raihanovna – Candidate of Philology, Associate Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: bahit777@mail.ru, ORCID: 0000-0002-2998-4723.

Shormakova Saulet Medeubekovna – Candidate of Philology, Acting Associate Professor, M.K. Dulati Taraz University, Taraz, Kazakhstan. E-mail: shormakova71@mail.ru, ORCID: 0000-0002-0459-5430.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).